www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
АЙҒАҚ
MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
№41 /sársenbi/ 05 qazan

**ДАРХАН САТЫБАЛДЫ**

## ЖАУАПСЫЗ МЕРДІГЕРЛЕРГЕ ҚАТАҢ ЕСКЕРТУ ЖАСАДЫ

Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды құрылыс мерзімінен кешіккен нысандарды жаппай тексеріп, міндеттемелерге құлықсыздық танытқандарды қызырлы органдардың құзыретіне тапсыруды жүктеді. Түркістандағы бірнеше тұрғын үй құрылысын аралаған облыс басшысына жауаптылар жұмыс барысында кездескен кей кедергілерді еңсере алмағанын алға тартты. Құрылыс материалдарының қымбаттап, шекарадағы шектеулердің болғанын айтты. Алайда аймақ басшысы істің соңын сиырқұйымшақтатып жіберген әлеуметтік маңызы зор нысандардың жауаптыларына компанияның тәуекелге барып, құрылысқа кіріспес бұрын оның қаншалықты тиімді екенін зерделейтінін еске салды.



- Сіздерді мәжбүрлеген ешкім жоқ. Мерзімнен кешігіп, салбырлыққа салынып жүргендерге ескерту берілген. Ертеңін ойламай, бірнеше нысанды мойнына алып, жөнімен бітіре алмай отырғандарға кешірім болмайды. Маған сылтау айтудың қажеті жоқ. Бұл - жауапсыздық. Әр нысанның артында халықтың тұрғанын ұмытпаңыздар. Талапқа бағынбайтындардың жырын созбай, құзырлы органдардың құзыретіне тапсырыңыздар, - деді облыс әкімі Дархан Сатыбалды.

Облыс басшысы Түркістан қаласындағы құрылыс алаңдарын аралап, жауапты басшыларға нақты тапсырмалар жүктеді. Игерілген қаржы мен атқарылған жұмыстың айырмашылығын есептеуді міндеттеді. Құрылыс қарқынын үдетуді тапсырды.

Қазіргі таңда облыс орталығының әкімшілік-іскерлік орталығында 5, 7, 9, 12 және 20 қабатты 60 тұрғын үй бой көтерді. Сондай-ақ әкімшілік ғимараты бар 20 қабатты тұрғын үй құрылысы аяқталуға жақын.

«Керуен сарай» тұрғын үй кешенінің құрылысына 500 адам жұмылдырылған. 4,5 га жерде орналасқан заманауи баспаналар кешені жыл соңында пайдалануға беріледі деп күтілуде.

**Жомарт БЕГІМБЕТ.**

# ПРЕЗИДЕНТТІҢ МЕГАПОЛИС БАСШЫСЫНА БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Шымкент қаласының жұртшылығымен кездесті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев кездесу барысында сөйлеген сөзінен:

Шымкентті дамытуға 170 миллиард теңге қаржы бөлінді;

1,5 триллион теңгеден астам инвестиция тартылды;

қала бюджеті 4 есе өсті;

қаладағы өнеркәсіп өнімі 65 пайызға артты;

аумағы 2,5 миллион шаршы метрден асатын тұрғын-үй салынды;

соңғы жылдары шағын және орта бизнестің жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 40 пайызға жетті, осы салада 180 мыңға жуық адам жұмыс істейді;

соңғы кезде шаһарға іргелес жатқан 41 елді-мекен қосылды;

инженерлік инфрақұрылымның қуатын арттыруға 4 жылда республика бюджетінен 135 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді;

жылдың соңына дейін 15 мың тұрғыны бар Құрсай ауағына ауыз су жеткізіледі;

Шымкентте 5 жылдың ішінде 101 мектеп салу жоспарланған;

қалада соңғы екі жылда 50 жекеменшік мектеп ашылды.

**ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫ:**

— Орталық Азиядағы ең ірі нарықтың бірі — Ташкент агломерациясы іргемізде тұр. Сондықтан Шымкент барлық салада бәсекеге қабілетті болуы керек. Осыны ескере отырып, қаланың бас жоспарын келесі жылдың ортасына дейін қайта қарауды тапсырамын;




— Биыл 1 миллион шаршы метрден астам тұрғын-үй пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Соның арқасында 9 мыңға жуық отбасы қоныс тойын тойлайды. Тұрғын-үй құрылысының қарқынын бәсеңдетпеу керек. Ең бастысы, оның бағасы жұртқа қолжетімді болуы қажет;

— Қаланың айналма жолын тұйықтайтын автожолды тезірек іске қосуды және жаңа әуежай терминалының құрылысын уақтылы аяқтауды;

- Соңғы кезде шаһарға іргелес жатқан 41 елді мекен қосылды, сол себепті инженерлік инфрақұрылымның қуатын арттыру қажеттігі туындады. Осы мақсатқа 4 жылда республика бюджетінен 135 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді. Соның нәтижесінде ауыз су, электр қуаты және газ мәселесі біршама реттелді. Жылдың соңына дейін 15 мың тұрғыны бар Құрсай аумағына ауыз су жеткізіледі. Келесі жылы қала орталығынан шалғай орналасқан 2 елді-мекеннің су мәселесін толық шешуді тапсырамын.

- Қазір 8 елді мекенде сапалы электр жүйесі жоқ. Алдағы жылы бұл мәселені толығымен шешу қажет.

- Сондай-ақ тағы 8 елді мекенде газ мүлде жоқ. Үкімет пен әкімдікке бұл жерлерге газ жеткізу үшін қаржы бөлу мәселесін пысықтауды тапсырамын;

- Президент әлеуметтік инфрақұрылымды дамытуға назар аударды. Мемлекет басшысы қалада тағы бір оқушылар сарайы, Опера және балет театрының жаңа ғимараты, демографиялық өсімді ескеріп тағы да бір перинаталды орталық салынуы қажеттігін жеткізді;

— Биыл кемінде 24 мың адамды жұмысқа орналастыру керек.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСУЫ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев 2020 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттік бағдарламалардан ұлттық жобаларға көшу туралы тапсырма берген еді. 2021 жылы 10 бағыттан тұратын Ұлттық жоба тізбесін бекіту туралы Жарлыққа қол қойды. Әлеуметтің әлеуетін арттыратын Ұлттық жоба барлық саланы қамти отырып дамыту жолдары қарастырылған.

Өткен аптада маңызы жоғары жобаларды іске асыру мәселелері қаралған Президент төрағалығымен жоғарғы кеңес отырыс өтті.

Реформалар жөніндегі жоғарғы кеңестің күн тәртібінде бірқатар саланың жалпыұлттық жобасын іске асыру мәселесі қаралды:

**«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»**

Мемлекеттік инвестиция есебінен бұл жоба арқылы 800 мың оқушыға орын қарастырылады.

**Жобаның мақсаты мен міндеттері:**

2026 жылға қарай қалалар мен қарқынды дамып келе жатқан (перспективалы) елді мекендерде жаңа үлгідегі мектептер салу;

мектептерді салу кезінде құрылыс пен жабдықтаудың бірыңғай стандартын қолдануды қамтамасыз ету;

оқушылар мен оқытушыларға қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау;

білім беру қызметінің сапасын арттыру.

**Сала үшін тиімділігі**

ауысымды және апатты мектептерді жою;

білім сапасына қатысты алшақтық факторларын жою (қалалық/ауылдық);

білім беру ортасының жаңа стандарттарын енгізу.

**Әкімдердің тікелей жауапкершілігіне берілетін жұмыстар:**

мектеп салуға жер телімдерін беру;

инженерлік инфрақұрылымды, жолдарды салу, қоғамдық көлік бағыттарын анықтау және т.б. жұмыстарды жүргізу;

Педагог кадрлармен қамтамасыз ету және мектептерді иелікке алу;

мектепті пайдалануға берудің бекітілген жоспарын уақтылы орындау;

Жобаны іске асырудың алғашқы жылында оқушы орны тапшы аймақтарда мектептер салуды қамтамасыз ету.

**«АУЫЛДАҒЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫН ЖАҢҒЫРТУ»**

**Денсаулық сақтау ұйымдары желісіндегі нормативтеріндегі өзгерістер:**

50 тұрғынға дейінгі ауылдарда медицина қызметкері;

50-ден 500-ге дейін тұрғыны бар ауылдарда медициналық пункт;

500-ден 1500-ге дейін тұрғыны бар елді мекенде фельдшерлік-акушерлік пункт;

1500-ден 5 000-ға дейін тұрғыны бар елді мекенде дәрігерлік амбулатория;

5 000-нан 30 000-ға дейін тұрғыны бар елдімекенде МСАК орталығы болады.

**Негізгі шаралар:**

Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету (МСАК) желісінің 655 нысанының құрылысы, оның ішінде:

Жаңадан 228 МСАК нысаны, оның ішінде:
- 123 медициналық пункт;
- 77 фельдшерлік-акушерлік пункт;
- 28 дәрігерлік амбулатория салынады.

Қолданыстағы МСАК нысандарының орнына 427 нысан, оның ішінде:
- 130 медициналық пункт;
- 165 фельдшерлік-акушерлік пункт;
- 132 дәрігерлік амбулатория салынады.

**Жоба аясында медицина кадрларымен қамтамасыз ету**

2022-2024 жылдары медициналық колледждерде 16 570 медбике мен 17 585 фельдшер дайындалады.

Медициналық жоғары оқу орындарында жыл сайын 2 200-ден астам жалпы тәжірибе дәрігерлері дайындалады.

**Елорда.**

Ғалымжан МАХАНБЕТОВ –

# ШЫМКЕНТ ГАРНИЗОНЫ ӘСКЕРИ ПРОКУРОРЫ



Шымкент гарнизоны әскери прокуратурасына жаңа прокурор тағайындалды. ҚР Бас әскери прокурорының бұйрығымен бұл қызметті әділет полковнигі Ғалымжан Төлеуұлы Маханбетов атқаратын болды.

Әділет полковнигі Ғалымжан Төлеуұлы Маханбетов 1974 жылы 27 шілдеде Оңтүстік Қазақстан облысында дүниеге келген.

Құқық қорғау органдарындағы жұмысын Шымкент гарнизоны бойынша ҚР ІІМ әскери-тергеу бөлімінің (МТК) тергеушісі болып бастады.

1997-2000 жылдар аралығында Шымкент гарнизоны бойынша ҚР ІІМ әскери-тергеу бөлімінде тергеуші және аға тергеуші лауазымдарында қызмет атқарды.

2000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін әскери прокуратура органдарында қызмет өткеруде. Көрсетілген кезеңде Шымкент гарнизоны және Батыс өңірі әскери прокурорының көмекшісі, аға көмекшісі, Шымкент, Гвардейск және Талдықорған гарнизондары әскери прокурорының орынбасары лауазымдарын атқарды. Қызылорда

2019 жылдың ақпан айынан бастап Қызылорда гарнизоны әскери прокуроры лауазымын атқарған.

ҚР Бас әскери прокурорының 2022 жылдың қыркүйегіндегі бұйрығымен Шымкент гарнизоны әскери прокуроры лауазымына тағайындалды.

Үйленген, үш бала тәрбиелеп отыр.

# ЕРЕКШЕ БІЛІМДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАР ҰСТАЗДАРҒА АРНАП ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Түркістанда ұстаздар мерекесіне орай ерекше білімді қажет ететін балалар арасында «Мен өмірді сүйемін» атты мерекелік іс-шара өтті.

Үйде оқытылатын балалардың қуанту мақсатында ұйымдастырылған кеште қамкөңіл 17 оқушы өз өнерін ортаға салды. Тағылымды шарада ата-аналар ұстаздарға деген ақ тілегін арнап, алғыс білдірді.

«Балаларға мерекелік кештің әсер еткені соншалық, олардың эмоциясынан байқалды. Мәселен, Ғ.Мұратбаев атындағы №5 жалпы орта мектебінің үйде оқытылатын 4-сынып оқушысы Әдемі Жұмабай жүрекжарды тілегін айту үшін ортаға шығып, өз ілтипатын білдірді. Жалпы облыс орталығында 284 бала үйде оқытылса, 93 оқушы инклузивті кабинетте білім алады. Оларға 20 дефектолог пен 33 ассистент білім беруде», - деді қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің дефектология саласының әдіскері Дана Бабишева.

Кешті қорытындылау сәтінде Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының бас маманы Ғалия Жанаева ұстаздардың оқушыларға деген сыйлықтарын ұсынып, мақтау қағаздарын табыстады. Сондай-ақ, қала аумағындағы мектептердегі дефектолог мамандарға есепі еңбегі үшін қалалық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы Оразқұл Қолдасованың арнайы Алғыс хаты табысталды.

**Түркістан.**

# ӨРТ ДЕПОСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕЛЕСІ ЖЫЛЫ АЯҚТАЛАДЫ



Шымкент қаласы халқының саны жылдан жылға ұлғаюына байланысты қауіпсіздік мәселесі де бірінші орында болуы қажет. Сондықтан да өрт сөндіру қызметкерлеріне жаңа ғимарат салынуы заңдылық. Шымкенттегі әкімшілік-іскерлік орталығында 4 автомобильге арналған өрт сөндіру деполсы мен қосымша ғимарат құрылыс жұмыстары жалғасуда.

Жер телімінің жалпы ауданы 1,2 га. Қала әкімі Мұрат Әйтенов нысанға арнайы барып, жұмыс барысын тексерді. Тиісті басқарма мен мердігер мекеме басшыларына сапаны қадағалай отырып, ғимараттың мерзімінен кешіктірілмей берілуін тапсырды.

Құрылыс жұмыстары биыл басталған болатын. Жоспарға сәйкес ғимарат құрылысы келесі жылы аяқталып, пайдалануға беріледі.

Көрме ұйымдастыру бизнесті дамытудың, оны жаңа деңгейге шығаруға көмектесетін әрекеттер жиынтығы ретінде сипаттауға болады. Стратегиялық маңызды іскерлік шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру кәсіпорынның кеңеюіне, оның табысының өсуіне әкеледі. Бұған қызметкерлер санын, филиалдар санын көбейту, тиімді серіктестіктер құру да ықпал ете алады.

Бизнесті дамытудың дәлелденген әдісі ол өндірістік қуаттарды ұлғайту, өнім ассортиментін немесе көрсетілетін қызметтер тізімін кеңейтуден тұрады. Компания көбірек өнімдер немесе қызметтер ұсына бастағанда, ол нарық сегментінен тыс кеңейе алады. Бизнестің беделі жаңа аудиторияны жаулауға көмектеседі. Сондай-ақ, олардың көпке таныла беруі бизнесті тағы бір сатыға көтерілуіне сеп болады. Осы мақсатта, Шымкенттегі "Көрме" орталығында жергілікті тауар өндірушілердің көрмесі ұйымдастырылып, бизнес қауымдастық өкілдерінің кездесуі өтті. Қалалық кәсіпкерлер палатасының

# КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫНА КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ҚОЛҒА АЛЫНҒАН

бастамасымен ұйымдастырылған шараға шаһар басшысы М.Әйтенов, «Атамекен» ҰКП Басқарма төрағасының орынбасары-Шымкент қалалық кәсіпкерлер палатасының директоры Тимур Нақыпбеков, құқық қорғау орган қызметкерлері, салалық құрылым басшылары мен кәсіпкерлер қатысты.

Үшінші мегаполистің экономикалық және әлеуметтік дамуының негізгі драйвері - кәсіпкерлік саласы. Шымкенттегі жалпы өңірлік өнімнің үштен бір бөлігін шағын және орта бизнес өкілдері өндіреді.

Бүгінде қалада 95 мыңнан астам белсенді кәсіпкерлік субъектілері жұмыс істейді.

"Республика бойынша 4-ші орындамыз, 180 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған. Бұл да әрине сіздердің арқаларыңызда",-деді М.Әйтенов салтанатты шараны ашу барысында.

Жалпы жиында бірқатар өткір де өзекті мәселелер қозғалды.

Қылмыстық процесс саласындағы қиындықтар, кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту, қала құрылысында кездесетін проблемалар, арнайы экономикалық және индустриялық аймақтардағы жер учаскелерін қосалқы жалдау жолдары мен жанар-жағармайға дифференциалдық бағанын бекітілуіне байланысты туындаған салықтың есептілігі, т.б көптеген мәселелер көтеріліп, кездесу барысында оның шешілу жолдары айтылды.

Кездесу қорытындысымен, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлікті қорғаудың экожүйесін құру жобасын жүзеге асыруды бастады.

Бизнесті қорғаудың экожүйесі аясында кәсіпкерлік субъектілерінің құқығын бұзу фактілерін және мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру кезінде қажетсіз әкімшілік кедергілерді азайтуға бағытталған біршама ұсыныстар әзірленетін болды.

**Арайлым ӘБСАҒАТ.**

# ҮКІМЕТ ҚАУЛЫСЫМЕН НЫСАНДАРҒА ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЕСІМДЕРІ БЕРІЛДІ



ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі «Түркістан облысындағы кейбір білім беру мен мәдениет ұйымдарына атау беру және қайта атау туралы» № 741 қаулысымен:

Арыс қаласындағы «№2 бастауыш мектебі» КММ-не Сағадат Нұрмағанбетовтің есімі; «№3 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-не Мұхамеджан Тынышбайұлының есімі; Арыс қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесіне Абайдың есімі; Жетісай ауданындағы «№12 жалпы орта мектебі» КММ-не Әл-Фарабидің есімі; «№ 58 жалпы орта мектебі» КММ-не Мырзақадыр Нұрбаевтың есімі; Мақтаарал ауданындағы «№36 жалпы орта мектебі» КММ-не Әлихан Бөкейханның есімі; «№ 9 жалпы орта мектебі» КММ-не Ахмет Байтұрсынұлының есімі; Отырар аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне «Отырар» атауы берілді.

Сауран ауданының «№13 жалпы орта мектебі» КММ-не Әшірбек Сығайдың есімі; «№25 жалпы орта мектебі» КММ-не Сабыр Рахимовтың есімі берілсе, «А.С.Пушкин атындағы Түркістан облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-сі «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ-сі болып; Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Амангелді» атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі «Майлықожа ақын атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі болып; Арыс қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «М.Мәметова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі «Ыбырай Алтынсарин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі болып; Кентау қаласының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қазақстанға 30 жыл» атындағы № 3 көп салалы мектеп-гимназиясы» КММ-сі «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы көп салалы мектеп-гимназиясы» КММ-сі болып; Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Болашақ» мектеп-гимназиясы» КММ-сі «Қалаубек Тұрсынқұлов атындағы мектеп-гимназиясы» КММ-сі болып; Қазығұрт ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Кезеңбұлақ» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Егемқұл Тасанбаев атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып өзгертілді.

Отырар ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Мыңшұқыр» жалпы орта мектебі КММ-сі «Рахманқұл Бердібай атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Алғабас жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі «Сәдуақас Темірбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі болып; Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Екпінді» жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі «Төлепбек Назарбеков атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Шорнақ» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қызыл-Әскер» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Жұмабек Тәшенев атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Майдантал» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Әйтеке би атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Қызыл жол» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Қазыбек би атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ташанақ» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып өзгеретін болды.

Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Шипан» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Мәншүк Мәметова атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Шобанақ жалпы орта мектебі» КММ-сі «Төле би атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Иқан» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Әл-Фараби атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Ескі Иқан» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Әлия Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып; Сауран ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің «Достық» жалпы орта мектебі» КММ-сі «Рахманқұл Бердібай атындағы жалпы орта мектебі» КММ-сі болып қайта аталды.

**«Айғақ»-ақпарат.**

# МЕГАПОЛИСТІҢ ИНФРАҚҰРЫМ МӘСЕЛЕСІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ТІКЕЛЕЙ НАЗАРЫНДА



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Шымкент жұртшылығымен кездесуінде сөйлеген сөзінде Шымкент қаласына кейіннен қосылған елді мекендердегі инфрақұрылым мәселесін жүйелі түрде шешуді тапсырған еді.

Президент бұл кездесуге дейін де талай рет осы инфрақұрылым мәселесін назардан тыс қалдырмау керектігін айтқан болатын. Шымкент қаласы орталығынан шалғай жатқан елдімекендердің ішкі жолдарын жөндеу жұмыстары бүгінде қарқын алған.

Инфрақұрылым - бұл тұтастай кез келген жүйенің қалыпты жұмыс істеуі үшін қызмет ететін өзара байланысты құрылымдардың, салалардың немесе объектілердің жиынтығына сілтеме жасау үшін қолданылатын термин. Әлеуметтік, көліктік, инженерлік, ақпараттық, әскери, нарықтық инфрақұрылымды, экономиканың инфрақұрылымын ажырату, сондай-ақ ашық кілттік инфрақұрылымдарды, электр көліктерін зарядтау, артықшылықтарды басқару. Соның ішінде ең маңыздысы халық үшін әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым.

Әлеуметтік инфрақұрылым — бұл халықтың қалыпты өмір сүруін функционалды түрде қамтамасыз ететін өндірістер мен кәсіпорындардың жиынтығы. Яғни, бұл адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмір сүрудің қажетті деңгейі мен сапасына кепілдік беруге, халық шаруашылығының барлық салалары үшін адам ресурстары мен кәсіби дайындалған кадрлардың ұдайы өндірісін қамтамасыз етуге арналған қызмет көрсету салалары мен қызмет түрлерінің тобы.

Бүгін қала басшысы М. Әйтенов Алтынтөбе тұрғын алабындағы тебай, Жамалов және Нұрлыбай көшелеріне асфальт төсеу жұмыстарын тексерді.

Үш көшеге орташа жөндеу жұмыстарына арналып әзірленген сметалық құжаттамаға сәйкес, ұзындығы 1,0 шақырым Жамалов, Нұрлыбай көшелеріне 0,4 шақырым құрайтын Өтебай көшесіне асфальт қабатын төсеу жұмыстары атқарылды.

Қала әкімі, жұмыстардың бекітілген стандарттарға сәйкес тексеру жұмыстарынан кейін қабылданатынын атап өтті.

Айта кетейік, тұрғын алаптағы тас жолдарды асфальттау жұмыстары Шымкент қаласының 2025 жылға дейінгі даму жоспарына сәйкес жүргізілуде.

Президент тапсырмасын жүзеге асыру мақсатында М.Әйтенов Құрсай шағын ауданы инфрақұрылым жұмыстарының құрылыс барысын тексерді. Мемлекет басшысы «Соңғы кезде шаһарға іргелес жатқан 41 елді мекен қосылды, сол себепті инженерлік инфрақұрылымның қуатын арттыру қажеттігі туындады. Осы мақсатқа 4 жылда республика бюджетінен 135 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінді. Соның нәтижесінде ауыз су, электр қуаты және газ мәселесі біршама реттелді. Жылдың соңына дейін 15 мың тұрғыны бар Құрсай аумағына ауыз су жеткізіледі. Келесі жылы қала орталығынан шалғай орналасқан 2 елді-мекеннің су мәселесін толық шешуді тапсырамын» деп айтты мегаполис жұртшылығымен кездесу барысында.

7 560-тан астам тұрғыны бар аумақты сапалы ауыз сумен қамту үшін құрылыс жұмыстары 2 кезеңмен атқарылуда.

1-кезеңде 185,5 шақырымға су құбыры тартылып, бітуге жақын. Нәтижесінде 4 900 абонент сапалы ауыз сумен қамтылады. Ал 2-кезеңде тартылатын су жүйесінің жалпы ұзындығы 151 шақырымды құрайды, құрылыс жұмыстарының 92% орындалды. Қараша айында 3 436 абонент, немесе жыл соңына дейін барлығы 41 680 тұрғын таза суға қол жеткізетін болады.

Құрсай шағын ауданы электр жарығымен 100% қамтылған. Дегенмен қуат көзінің сапасын арттыру мақсатында 110/35/10 кв электр желілерін тарату станциясының құрылысы жүргізілуде. Жұмыстар жыл соңына дейін аяқталып, тағы 600 үй сапалы электр жарығына қосылады.

Бірінші талаптың сапа, одан соң әр істің мерзімінен кешіктірілмей ел игілігіне берілуіне тоқталған қала басшысы, іске жауапкершілікпен қарауды еске салды.

Будан бөлек, 2021 жылы Құрсай шағын ауданын сапалы интернетпен қамту мақсатында мобильді операторлармен базалық станция орнату үшін тиісті келісімдер жасалынған болатын. Бүгінге дейін, Құрсай шағын ауданына «Кар-Тел» компаниясы тарапынан коммерциялық нысан иелерімен келісу арқылы Жылысай көше маңына базалық станция орнатылды.

Сонымен қатар жеке инвестормен келісім жасасып, №49 мектептің маңына антенна-матчталық құрылғы орнатылды. Бүгінде аталған құрылғыға мобильді байланыс операторларының базалық станциясын қондыру ғана қалды. Тиісті жұмыстар 1 ай көлемінде атқарылса, шағын аудан сапалы интернетпен қамтылады. Одан бөлек шағын ауданды жеке инвестор қаражаты есебінен талшықты оптика желісімен қамту жұмыстары да жоспарға енгізілген. Қазіргі таңда, инвестор тарапынан шағын ауданды сапалы интернетпен қамтуға қажетті құрал жабдықтар алынған.

Кешегі күнге дейін тұрғын үй-жайларды сатып алушылар көбінесе тұрғын үйдің орналасқан жері, тұрғын үйдің түрі, бөлмелер саны, пәтердің ауданы, коммуналдық және санитарлық-техникалық құралдардың болуы сияқты негізгі сипаттамаларына назар аударды. Бүгінгі таңда тенденция өзгеруде, тұрғын үйлердің экологиялық сипаттамаларына көбірек көңіл бөлінеді.

Мемлекет жүргізіп отырған тұрғын үй саясатында, оның ішінде эконом-класс сегментінде жаппай тұрғын үй құрылысының мемлекеттік мақсатты бағдарламаларын іске асыруда аумақтарды дамытудың кешенді тәсілі басымдыққа айналды. Көппәтерлі тұрғын үй құрылысы аумақтарын тіпті ең аз қажетті инфрақұрылым нысандарымен қамтамасыз ету және іргелес аумақтарды абаттандыру олардың тартымдылығын және өмір сүру ортасының сапасын айтарлықтай арттырады.

Қала әкімі М.Әйтеновтің тапсырмасына сәйкес, әкімшілік-іскерлік орталығында 9 қабатты үйлердің құрылыс жұмыстары қарқын алған.

Бұған дейін № 9,10,11,12 тұрғын үйлердің құрылысы мерзімінде аяқталмағаны үшін әкімдік тарапынан жауапты мердігер мекемелерге ескертулер беріліп, айыппұл салынған болатын. Бүгінде олқылықтың орны толтырылып, жұмыстар аяқталуға жақын.

Қала басшысы аталған орталықтағы бірнеше нысанда құрылыс барысын тексеріп, оның ішінде әкімшілік-іскерлік орталықта бой көтерген 9 қабатты № 13,14,15,16 тұрғын үйлер құрылысы мен аталған аймақтың солтүстік беткейіндегі 21,5 га жерде бой тіктейтін жаңа көпқабатты үйлердің инженерлік жүйелерін тарту жұмыстарын қадағалап, тапсырманың тиісті мерзімде бітуін талап етті.

-Шымкентте 49 мыңға жуық азамат баспана кезегінде тұрғанын ескеретін болсақ, тұрғын үй құрылысын дамытуға бар күш жігерімізді салуымыз қажет",-деді М. Әйтенов.

Сондай-ақ, қала басшысы «Тұран» шағын ауданындағы биыл берілетін тұрғын үйлер мен оған қатысты инфрақұрылым жүйелерінің сапасын тексеріп шықты.

Өздеріңізге белгілі, халықпен кездесу барысындағы тұрғындардан түскен шағымдар негізінде шаһар басшысы әрбір нысанды жіті бақылауына алып, тұрғындар және тиісті сала басшыларынан тұратын арнайы топ құрған болатын. Осылайша, кәсіби "технадзор"-лардан бөлек, Мұрат Әйтенов жұмыс тобымен аталған аудан аумағында құрылысы жүргізіліп жатқан тұрғын үйлер мен инфрақұрылым жүйелерінің жұмыс сапасын бақылауға алған.

Баспанадағы ақауларды анықтауға зерделеу жұмысын жасайтын арнайы топ жүргізген бақылаулар нәтижесінде 230-дан астам пәтерде ақаулықтарды анықтап, кемшіліктің 85% мердігер мекеме тарапынан жойылды.

«Шымкентте тұрғын үйге деген сұраныс жоғары. Қазірдің өзінде 48 623 азамат тізімге тіркелген болса, оның 1819-ы жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, 9 186-сы көпбалалы отбасы, ал 16 957-сі халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз тобы санатында, бұл тізімде сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер, бюджеттік ұйым және әскери қызметшілер де бар. Бұл кісілер ертерек өз баспанасына қол жеткізуі үшін сіздер жұмысты сапалы әрі мерзімінде орындап бітуге тиіссіздер»,-деді қала басшысы.

Тұран шағын ауданындағы инфрақұрылым жүйелерінің құрылысы аяқталуға жақын. Бүгінге дейін тиісті жұмыстардың 88-95% орындалған.

Қаратау ауданына қарасты «Бозарық» шағын ауданында болса бес қабатты тұрғын үйдің құрылысы бітіп, инфрақұрылым жүйелерін тарту жұмыстары тоқтаусыз жүргізілуде. Қала әкімі Мұрат Әйтенов нысан басына арнайы барып, бұған дейін берілген ескертпелердің түзетілгеніне көз жеткізді.

Мұнда 1,4 шқ электр желісі, 1,2 шқ газ, 1,3 шқ ауыз су құбырлары, 0,8 шқ кәріз жүйесі тартылуда. Қазірге дейін барлық жұмыстардың 30% орындалды. Келесі жылы ауыз мен көгілдір отын тарту жұмысы толық аяқталады.

Сонымен қатар 2020 жылы басталған жолдардың құрылысы 50%-ға салынып, қалған жартысы келесі жылы толығымен бітеді.

Тексеру барысында мердігер мекеме басшыларына жұмыстың сапасы сын көтеретіндей болсын дегенді қайталап айтқан қала әкімі М.Әйтенов жауапты басқарма басшыларынан шаһарда салынып жатқан әрбір нысанның мерзімінен кешіктірілмеуін де талап етті.

**Ұлжан НАУШАБАЕВА.**









1 қазан - Халықаралық қарттар күні. Бүгінде республикада 2 миллионнан астам жасы зейнет жасындағы азаматтар тұрады. Әрбір азаматтың лайықты қартаюын қамтамасыз ету —Үкіметтің әлеуметтік саясатының басты міндеттерінің бірі. Мемлекет зейнетақымен қамтамасыз етуді жақсарту бойынша жүйелі шараларды жүзеге асырады. Жыл сайын қарттардың зейнетақысы ұлғайтылып тұрады.



# Қазыналы қария
## АҚЫЛЫ ТЕҢІЗ, ДАРИЯ

Мереке қарсаңында Шымкент қаласының әкімі М. Әйтенов еліміз бен шаһардың дамуы жолында елеулі үлес қосқан бірнеше ардагердің үйіне барып, арнайы құттықтады. Оларға құрмет көрсетіп, естелік сыйлықтар тарту етті.

Қала басшысы алғашқы құттықтауын еңбек ардагері Ахметова Райса Райымбекқызының шаңырағынан бастады. Ардагер ұстазбен әңгімелескен Мұрат Әйтенов мереке иесіне ұзақ ғұмыр, мықты денсаулық тіледі.

Ахметова Райса Райымбекқызы Шымкент қалалық комсомол комитетінің хатшысынан Оңтүстік Қазақстан облысы халық ағарту бөлімінің меңгерушісі қызметіне дейін атқарған. Ұзақ жылдар халық депутаттары қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды. «Құрмет белгісі» ордені мен «ҚазССР білім беру ісінің үздігі» атағының иегері.

Құттықтау легі «Құрмет Белгісі», «Еңбек Қызыл Ту» ордендерінің иегері Гулужиган Байгаринаның отбасында жалғасты. Еңбек ардагерін мерейлі мерекемен құттықтаған қала басшысы Гулужиган Абдулажанқызына да зор денсаулық, ұзақ өмір, отбасына бақ пен береке тілеп, үйдің отағасы - Шәміл атаға шапан жапты.

Байгарина Гулужиган Абдулажановна 1937 жылы көп балалы отбасында дүниеге келген. Еңбек жолын тігін маманынан бастап, 1975-1987 ж.ж. «Восход» тігін бірлестігінің бас инженері кейін бас директоры болады. Ал 1991 жылы «Восход» ААҚ ШФ Президенті болып тағайындалып, осы саланың дамуына зор үлес қосады. Ұзақ жылғы еңбегі ақталып, оған Қазақстанның жеңіл өнеркәсібін дамытқаны үшін «Қазақстан өнеркәсібінің еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы беріледі.



Өз кезегінде ардагерлер де құрмет көрсетіп, кішілік ізетін жасаған шаһар басшысына алғысын жаудырып, қазақстандықтар үшін бейбіт те берекелі өмір тіледі.

Мереке қарсаңында сондай-ақ, мегаполисте зейнеткерлерді сауықтыруға арналған «Белсенді ұзақ өмір» орталығының тағы бір бөлімшесі ашылды. "Халықаралық қарттар күніне" орай ашылған нысанның ресми салтанатына шаһар басшысы М.Әйтенов қатысып, ардагерлерді мерекемен құттықтады.

Қала әкімі құттықтау сөзінде жылы лебізімен қатар, қарттарға мемлекет тарапынан көрсетілетін қамқорлық пен көмектің көлемі жыл сайын артып отырғанын және бұл бағыттағы жұмыстар Президент саясатындағы басым рөл атқаратын бағыттарының бірі екенін жеткізді.

Жаңадан ашылған бөлімше Қаратау ауданы, Жібек жолы көшесі, 22/1 учаскесінде орналасқан. Жартылай стационарлық жағдайда екі ауысым бойынша 140 азаматқа дейін қызмет көрсетіледі. Ардагерлер мұнда дәрігерлік тексеруден өтіп қана қоймай, ART терапия, әсемдік жасару терапиясы, караоке зал (ән





айту), хореография, йога, еңбек терапиясы, инемен емдеу терапиясы, емдік денешынықтыру сияқты сауықтыру шараларынан өтеді. Сонымен қоса бос уақытты ұйымдастыруға арналған бильярд, теннис, садақ ату, бассейн, массаж, тренажерлық қызмет түрлері де қарастырылған. Жалғызілікті жандарға арналған 8 сағаттық жартылай стационар да жұмыс істейді.

"Белсенді ұзақ өмір" орталығының бөлімшелері қаладағы 4 ауданның үшеуінде Әл-Фараби, Еңбекші және Қаратау аудандарында ашылған. Абай ауданы бойынша тағы бір бөлімшенің лентасы келесі жылы қиылатын болады.

Мереке жылдағы дәстүрге сай «Миллионер» мейрамханасында қарттарға арнап жайылған дастарханда жалғасты. Арнайы мерекелік концерт ұйымдастырылып, ән-күйден шашу шашылды. Қала әкімінің сыйлықтары табысталды.

Сонымен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық, әсіресе қоғамдық-саяси өмірінің дамуына қосқан үлестері үшін бірқатар ардагерлер қауымы марапатталды.

Шаһар басшысы М.Әйтенов атаулы мерекеде ел үшін еткен еселі еңбектерінің арқасында аймағымыздың айтулы тұлғаларына айналған Исмат Тұрсынқұлұлына, стемір Тілегенұлына, Алданазар Құрманбаевқа, Әбілқасым Досболовқа, Досыбай Шерімқұловқа "Құрметті ардагер", Болатхан Ермекбаевқа "Құрметті құрылысшы" атағын, ал Ұлықпан Башенов, Асылбек Тоқмағанбетов, Бастарбек Байжановқа "Құрмет белгісі" төсбелгілерін табыстады.

"Өңіріміздің өрістеп, көшіміздің өрге басып, өркен жаю жолындағы әрқайсыларыңыздың ерен еңбектеріңіздің арқасында, ал бүгінгі жарқын жетістіктеріміз сіздердің тыным таппай атқарған жұмыстарыңыздың жемісі деп білемін.

«Ауылында ақсақалды қария болса — жазулы тұрған хатпен тең», — деген бабалар даналығын өмір тіршілігіне бик мұрат еткен халқымыздың бүгінгі ұрпағы қай кезеңде де үлкенді ұлық тұтып, кішіге ұлағат қалдырған.

Сіздердің бай тәжірибелеріңізді жоғары бағалаймыз. Табанды еңбектеріңізге алғыс білдіре отырып, өмірлік тәжірибелеріңізбен ақыл-кеңестеріңізге бас иеміз",-деді қала әкімі М.Әйтенов.

Айта кетейік, бүгінде Шымкент қаласында 84 844 зейнеткер, соның ішінде 5 ҰОС ардагер, 2390 тыл еңбеккерлері бар.

# Ұстаздар
## ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮНІ

Мұғалімдер күні — білім беру қызметкерлерінің кәсіби мерекесі — бірқатар посткеңестік елдерде қазан айының бірінші жексенбісінде тойланады. Көптеген елдердегі сияқты Қазақстанда да мұғалімдер күні оқу жылы басталғаннан кейін көп ұзамай күзде тойланады. Алда мұғалімдер мен олардың шәкірттерінің жаңа жарлы еңбегінің оқу жылы күтіп тұр. Кәсіби мереке өткен оқу маусымының қорытындысын шығарып, жаңа жетістіктерге қуат береді.

Ұстаз тек ілім-білім үйрететін адам емес, руханият пен имандылықтың айқын үлгісі. Ұстаздар ерекше азаматтық миссияны — жас ұрпақты тәрбиелеуді атқарады. Олардың білімі мен тәжірибесі, дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы әр мектептің өзегінде. Барлық қоғамдық саланың одан әрі дамуы, мәдениет деңгейі мен халықаралық аренадағы орны елдегі білім деңгейіне байланысты. Мұғалім — прогрестің нағыз қозғалтқышы. Сондықтан ерте заманнан бері бұл кәсіптің адамдары құрметтеліп, ең дана болып саналады.

Шымкент қалалық "Опера және балет" театрында «Жарық нұры ғаламның» атты Ұстаздар күні қарсаңында мерекелік кеш өтті. Оған қала әкімі Мұрат Әйтенов қатысып, шәкірт тәрбиелеу жолында талмай еңбек еткен және білім саласына үлесін қосып жүрген мұғалімдерді салтанатты түрде марапаттады.

Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеу — аса жауапты әрі күрделі міндет екенін айтқан шаһар басшысы әрбір ұстаз құрмет пен мемлекеттік наградаға лайықты екенін жеткізді.

-Сіздер балаларға өмір бойы өздерімен бірге алып жүретін, болашағын және шынайы өмір жолына қажетті баға жетпес байлық - білім бересіздер. Сонымен бірге, қаламыздың абыройын асқақтатып отырсыздар. Сіздердің арқаларыңызда Шымкент қаласының оқушылары халықаралық және республикалық пәндік білім сайыстарынан 10 алтын, 17 күміс, 33 қола жүлдені жеңіп алды. 200-ден астам оқушы жүлделі орындарды иеленді.

Сіздердің тынымсыз еңбектеріңіздің арқасында алда талай Елін сүйетін, білімді жас ортаға қосыларына кәміл сенеміз,-деді М.Әйтенов.

Білім беру саласы - қаладағы негізгі жүйе құраушы сала. 871 білім беру ұйымы 440 мыңға жуық тәрбиеленуші, оқушы мен студентті қамтиды. Бұл - әрбір үшінші шымкенттіктің осы жүйеге қатысы бар деген сөз.

Қызығы мен шыжығы қатар жүретін ұстаздық жолда өрлеу мен өсу тілеген қала әкімі М.Әйтенов салтанатты жағдайда ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Еңбек ардагері» медалімен Бейсенбаева Шолпан Асылбекқызын, "Білім беру ісінің құрметті қызметкері" төсбелгісімен №28 жалпы орта білім беретін мектебінің директоры, ағылшын тілі пәні мұғалімі Құрманбекова Қарлығаш Жарқынбекқызын марапаттады.

Бірнеше ұстазға ҚР Оқу-ағарту министрлігінің "Құрмет Грамотасы" мен алғыс хаттар табысталды. Сонымен қатар әрбір ұстазға шаһар басшысының ықылас гүлі тарту етілді. Жалпы, мұғалімдер күні — маңызды мерекелердің бірі. Жылдан жылға педагогтар әр отбасының, бүкіл мемлекеттің игілігіне күш-қуатын беруде. Кәсіби мерекеде тағзым етіп, шексіз алғыс айту — білім нәрімен сусындап жүрген жандарға деген құрмет пен алғыс.

Салтанатты шара соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Бетті дайындаған: Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

# Екі жүз теңге

Биылғы ақпан айы солтүстік өңірінің қысына ұқсамайды. Қариялардың әңгімесіне қарағанда осыдан жиырмаотыз жыл бұрынғы қыс «қыс-ақ еді, шіркін!». Қазір түсініп болмайсыз.

Жақында жаңбыр жауды. О, тоба! Көше, жол, дала, бәрі-бәрі көк тайғақ. Бейне әйнек төсегендей, жып-жылтыр! Ой, рақатын-ай! Бәрінен де балаларға жақсы. Айнала-төңірек түгелімен мұз айдыны болды да шықты. Конькиің болса, аяғыңа байла да, зырғыта бер! Ал үлкен кісілерді жығылып, тайғанап құлап жатқанын көру тегін концерт! Әлішер мен Айдос аулада ойнап жүрген. Орталық көшемен тіркемесі бар дәу КамАЗ көлігі ақырын жүріп келе жатты да, артқы жағы бұғалаңдап жолдан шығып кетті.



- Әй, бітті-ау!

Жоқ, аударылмады. Жүргізуші тәжірибесі мол кісі болуы керек. Тежегішті басып тоқтай қалды.Сәлден кейін алға жүрмекке ниет етіп қозғалып еді, доңғалақтары бір орнында зыр қақты-ай! Берілісті іле ауыстырып, артқа шегінді. Онда да доңғалақтар зыр айналды. Ілгері - кейін, ілгері - кейін. Көп әуреленді ағай. Болар емес. Содан соң моторын сөндіріп жерге түсті. Жан-жағына қарады. Көшеде бірде-бір көлік көрінбейді.

Қазіргі кездері жұмыстары болмаса машина, трактор текке жүрмейді. Себебі белгілі. Жанар-жағармайды үнемдеу керек. Қатты тапшы. Сол үшін ауыл ішіндегі жеңіл-желпі жұмыстар ат шанамен-ақ атқарылады. Нарық экономикасының талабы қатал. Олай етпесе болмайды. Бұрынғы заман емес.

Әлішер мен Айдос жүргізіп трактор іздеді. Ешқайсысы маңайлатар емес. Бұларды баласынып сөздерін жүре тыңдады.

- Дәу де болса, бұл қаланың машинасы, - деді Әлішер.

- Оны қайдан білдің?

- Біздің ауылдың көлігіне ұқсамайды. Оның рас. Бірақ біздің ауылда да КамАЗ бар емес пе?

- Бары бар, екеу ғой деймін.

- Иә, екеу.

- А-а, таптым. Жүргізушілері Әлібек аға мен Сырымның көкесі емес пе?

- Солай-екен-ау!

- Жә, кім болса да қол ұшын беруге тиіспіз.

- Дұрыс айтасың.

- Әжем айтып отырушы еді: «Адам үйінен қырық қадам шыққан соң мүсәпір» деп.

- Охо, идея! — деді Айдос қуанып. — Тоқтарбек ағаның үйіне барайық. Ақкөңіл, қайырымды кісі.

- Дұрыс айтасың.

- Кеттік!

Ауыл шетіндегі көк шатырлы үйдің қасында «ДТ-75» шынжыр табанды трактор анадайдан көрінді. Әлішер мен Айдос «жолымыз болды» дегендей біріне — бірі қарап жымыңдасып қалды. Тоқтарбек аға балалардың бұйымтайын естіген соң киіне бастады.

«ДТ-75» дәу КамаАЗ-ды жолға сүйреп шығарды. Жүргізуші қатты қуанды. Тоқтарбек ағаның қолын қайтақайта қысып ризашылығын білдіріп еді. Ол кісі Әлішер мен Айдосты нұсқады. КамАЗ-дың жүргізушісі екі балаға алғыс айтып, әрқайсысына екі жүз теңгеден ақша ұстатты.

# Ақ қайыңның ақылы

Қыс бойына ақ көрпесін қымтанып. Кең даланы қаусыра орап жатқан қалың қар жылымық тарта бастағаннан сай-сала мен жылға-жылғаны қуалай сылдырап су боп ақты. Көп ұзамай көктем хабаршысы — жыл құстары да жетті қиқулап. Адамдар, жан-жануар, тіршілік көзі — өсімдік атаулының арқасы кеңіп, құнап қалды.

Алқап атырабына талай жылдан Арпа, Бидай, Сұлы егілетін. Жауын жақсы жауған жылдары егін мол шығып, қуанышқа кенелетін адамдар. Биыл да сол үрдіс бойынша үш дақылдың тұқымы Жер-Анаға сіңірілді.

- Алла қаласа, биыл ылғал мол, - деді Арпа әдеттегідей серктеріне мақтана көз тастап.

- Оны қайдан білдің?

- Е, білмей не болыпты?! Осы қара жермен көзіміз шығып келеді емес пе?!

- Оның рас, - деді қашан да салмақты Бидай.

- Рас, - деп қостады Сұлы.

- Біріншіден, биыл қар қалың түсті, екіншіден, біздің адамдар, әне — е көрдіңдер ме, тағы да қосымша жер жыртыпты, - деді өзінің қырағылығын сездірген Арпа.

- Біз қалай байқамағанбыз.

- Шынында жыртылған жер жатыр ей, - деп Бидай мен Сұлы Арпаның байқампаздығына таңғалысты.

- Ендеше дәл сол жерге тағы да мына мені — Арпаны егеді.

- Бидай мен Сұлының үндері шықпай қалды. «Арпа алқабының көлемі арта берсе, бізді де тықсыруы мүмкін-ау!» - деп ойлағандары рас еді.

- Бірақ ол жерге Адамдар жүгері екпек болды. Осыны білген Арпа Адамға дүрсе қоя берсін.

- Қожайын, бұның қалай? Жүгері деген бөлекетті қайдан ойлап таптың?

- Ареке, о не дегенің? Жүгері де сендердің ағайындарың.

- Қайдағы ағайын?! Ол бұл жерге сыймайды, - деді Арпа өзге дәлелді жауап таба алмай.

- Айналайын Ареке, Құдайға шүкір Жер — Ананың құшағы кең! Бәріңе де жетеді.

- Сонда да бізден алыстау, әрмен қарай ексеңіз.

- Бөлінгенді бөрі жейді. Ондай қызғаншақтығыңды қоя ғой, деді Адам осымен сөзім тәмам дегендей Арпаға жымия қарап.



Арпа үндеген жоқ. Қарсыласатын дәлелді дәйек таппады.

Бидай, Арпа, Сұлы жер бетіне енді-енді шыққан кезде, Жүгері олардан әлдеқайда биіктеп кеткен болатын.

Арпаның ішінқызғаныштың қызыл мысығы тырмалады-ай!

Не істесе екен? Күннен-күнге гүл-гүл жайнап құлпырған Жүгері шынында көркем еді. Сыпа бойынан биязылық пен тектілік аңғарылады. Әйтсе де кішіпейіл, қарапайым, уяң. Төңірекке жасқана жанарын тіктейді. Мәуелеп тезірек өссем, ел игілігіне үлесімді қоссам деген жақсы ниет қана ойында. Жұмыр жердің иесі — адамдарға қысқа ғұмырда қуаныш сыйлағаннан өзге не қызық бар дейсіз?! іткені тәңірінің таңбалаған тағдыры осы емес пе?!

Қатарға жаңадан қосылған Жүгеріге көп назар аудардарады адамдар. Және үш дақылдың ырыздығы жауған жаңбырдан болса, Жүгеріні арнайы суарады. Күні бойы арықпен аққан мөлдір суды түнге қарай сол қалпында қалдырды қожайын. Арпаға керегі осы еді. Ол Жүгері алқабына жіберілген арықтағы судың бағытын бұзып айдалаға ағызып жіберді.

Қожайын таңертең судың текке ағып жатқанын көрді.

«Бұған не болған?» - деп ойлады. Бидай мен Сұлы да таңғалды. Арпаның арам пікірі ішінде қалды. Қожайын барлық мұрапатармен бірге арықтарды қайтадан қалпына келтірді. Түнде Арпа кешегі ісін тағы жалғастырмақшы еді.

- Әй, оның не? — деген оқыс шыққан дыбыстан селк етті.

Қараса, бойы аспанмен таласқан сымбатты Ақ қайың тұр алдында. зі ашулы. Қабағынан қар жауғандай.

Арпаның денесі қалтырап, сасыпысты.

- Жай, арықтарды аршып жатыр едім-м, - деді мүләйімсіп.

- Өтіріктің өзіне сенбесең де, қисынына сен дейді! Бұл қылығың жөн емес жарқыным!

- Өтірік айтқанымды қайдан білесің?!

- Жүгері алқапқа егілген сәттен мазаң кетті. Қарсылық білдіріп қожайынмен сөз жарыстырдың. Жүгері бой түзеп, әуелей бастағаннан ішің тіптен тарылды. Ендігі ісің мынау. Мен сенің түндегі қылығыңды бастан-ақ бақылап тұрдым. Таңертең қожайын ренжіген соң өкініп қоятын шығар деген болатынмын.

Арпаның мойнына су кеткендей басы салбырады. Үнжырғасы түсті. Бойындағы ар-ұяты оянды.

